



## **Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Төретам кентінің атауы жоқ көшесіне атау беру туралы**

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Төретам кенті әкімінің 2023 жылғы 27 ақпандағы N 111 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 2 наурызда № 8370-11 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Төретам кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 18 тамыздағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Төретам кентіндегі атауы жоқ көшеге Жәрімбет би атауы берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төретам кентінің әкімі*

*Г. Елеусинов*